

АНЫҚТАМА

Сынып жетекшілер бірлестігінің 2025–2026 оқу жылының үнемі атқарылған жұмыстары туралы

Мектептің тәрбие жұмысы жоспарына сәйкес сынып жетекшілер бірлестігі тарапынан бірқатар жұмыстар жүргізілді.

Жоспарға сәйкес сынып жетекшілерінің өзара тәжірибе алмасуын қамтамасыз ету мақсатында тәрбие сағаттарына қатысу ұйымдастырылды. Қатысқан тәрбие сағаттарына талдау жасалып, әдістемелік ұсыныстар берілді.

Сынып жетекшілерінің күнделікті жоспарларының жазылу сапасы тексеріліп, жоспарлау барысында әдістемелік талаптардың сақталуы қадағаланды. Сонымен қатар білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасының орындалу барысы бақылауға алынып, тәрбие жұмыстарының мазмұнына талдау жүргізілді.

Сынып сағаттарында көрнекі құралдарды, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану деңгейі зерделенді. Сынып жетекшілеріне оқушылардың қызығушылығын арттыруға бағытталған ұсыныстар берілді.

Оқушылардың үйірмелерге, спорттық секцияларға, пәндік апталықтар мен түрлі байқауларға қатысу белсенділігі бақылауда болып, қатысу көрсеткіштерін арттыру бойынша жұмыстар жүргізілді.

Сынып белсенділері мен дарынды оқушылар анықталып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар ұйымдастырылды. Дарынды оқушылардың түрлі деңгейдегі сайыстар мен жарыстарға қатысуына қолдау көрсетілді.

Мектеп психологымен бірлескен жұмыстар жүргізіліп, оқушылардың психологиялық ахуалына байланысты кеңестер берілді. Қажетті жағдайда жеке және топтық консультациялар өткізілді.

Жас сынып жетекшілеріне әдістемелік көмек көрсету мақсатында олардың тәрбие сағаттарына қатысу ұйымдастырылып, тәжірибелі ұстаздар тарапынан кәсіби қолдау көрсетілді.

Озық тәжірибелі сынып жетекшілерінің іс-тәжірибелері зерделеніп, бірлестік отырыстарында таратылды. Тәрбие жұмыстары бойынша арнайы ақпараттық бұрыштар, буклеттер мен плакаттар дайындалып, насихат жұмыстары жүргізілді.

Әр тоқсанның соңында сынып жетекшілерінің атқарған жұмыстары туралы есептері тыңдалып, қорытындыланды. Ай сайын сынып жетекшілер бірлестігінің отырыстары өткізіліп, күн тәртібіндегі мәселелер қарастырылды.

Сынып жетекшілерінің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында курстарға, семинарларға, вебинарларға қатысуы қамтамасыз етіліп, алынған тәжірибелер мектеп тәжірибесіне енгізілді.

Қорытынды:

Сынып жетекшілер бірлестігінің жұмысы жоспарға сәйкес жүргізілді. Жүргізілген жұмыстар оқушылардың тәрбиелілігін арттыруға, сынып жетекшілерінің кәсіби шеберлігін дамытуға және тәрбие жұмысының сапасын жақсартуға оң ықпал етті.

Бірлестік жетекшісі: _____ Д.И. Копабаева

ДТІЖО: _____ А. Кожахметова

Күні: «09» қыркүйек 2026 ж.

ХАТТАМА №1

Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы

Өткізілген күні: « 20 » _____ тамыз 2025 жыл

Өткізілген орны: №6 кабинет

Қатысқандар: _11

Қатыспағандар: 0

Жауапты: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен оқу жылындағы әдістемелік бірлестік жұмысының қорытындысын талдау және жаңа оқу жылының жылдық жұмыс жоспарын бекіту.
2. Білім беру жүйесіндегі «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстыру және тәрбие сағаттарының тиімділігін арттыру.
3. Бағдарлама аясында жүргізілетін жобалар жұмысы.
4. Сынып жетекшісінің лауазымдық міндеттерімен таныстыру.
5. Мектеп жарғысы мен ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру.
6. Сынып сағаттарына «Қауіпсіздік сағаттарын» кіріктіру.
7. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз сөйлеп, өткен оқу жылындағы сынып жетекшілер бірлестігінің жұмысына талдау жасады. Атқарылған жұмыстардың нәтижелері мен кемшіліктері айтылып, 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары таныстырылды.

Екінші мәселе бойынша «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының жаңартылған мазмұны түсіндірілді. Бағдарлама аясында оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру, азаматтық жауапкершілікті дамыту бағытындағы жұмыстардың маңыздылығы атап өтілді. Тәрбие сағаттарының мазмұнын жаңарту бойынша ұсыныстар берілді.

Үшінші мәселе бойынша бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар таныстырылып, олардың орындалу мерзімдері мен жауапты тұлғалар белгіленді.

Төртінші мәселе бойынша сынып жетекшілерінің лауазымдық міндеттері мен құқықтары түсіндіріліп, негізгі талаптар еске салынды.

Бесінші мәселе бойынша мектеп жарғысы мен ішкі тәртіп ережелері таныстырылды. Білім алушылар мен педагогтердің құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Алтыншы мәселе бойынша тәрбие сағаттарына «Қауіпсіздік сағаттарын» тұрақты түрде кіріктіру қажеттілігі айтылды. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша нұсқаулықтар берілді.

Жетінші мәселе бойынша ата-аналармен жұмысты ұйымдастырудың тиімді жолдары қарастырылды. Ата-аналар жиналыстарының жоспары мен өткізу тәртібі талқыланды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

1. Д.И.Копбаева
2. А.Ж. Кулжаханова
3. Г.К.Айтжанова

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған сынып жетекшілер бірлестігінің жұмыс жоспары бекітілсін.
2. «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы талаптарына сәйкес тәрбие жұмыстары жүргізілсін.
3. Жобалар жұмысының орындалуы тұрақты бақылауға алынсын.
4. Сынып жетекшілері лауазымдық міндеттерін сапалы орындасын.
5. Мектеп жарғысы мен ішкі тәртіп ережелерінің сақталуы қамтамасыз етілсін.
6. Әрбір сынып сағатына қауіпсіздік тақырыптары енгізілсін.
7. Ата-аналармен жұмысты жүйелі ұйымдастыру сынып жетекшілеріне тапсырылсын.

Хатшы:  Н.Тороохан

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында сынып жетекшілер бірлестігімен өткізілген семинар-тренинг

Өткізілген күні: « 08 » қазан 2025 жыл

Өткізілген орны: №6 кабинет

Қатысушылар: Сынып жетекшілері

Мақсаты: «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының негізгі құндылықтарын тәрбие жұмысына тиімді енгізу, сынып жетекшілерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру және тәжірибе алмасу.

Қазан айындағы сынып жетекшілер бірлестігінің жұмыс жоспарына сәйкес «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында семинар-тренинг өткізілді.

Семинар барысында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары бағдарламаның негізгі бағыттары мен басымдықтарына тоқталып, тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы жаңартылған талаптарды таныстырды. Сынып жетекшілеріне бағдарламаның құндылықтары негізінде тәрбие сағаттарын ұйымдастырудың тиімді жолдары түсіндірілді.

Тренинг бөлімінде қатысушылар топтық жұмыстарға қатысып, оқушылардың бойында адалдық, еңбекқорлық, жауапкершілік, отаншылдық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдерді талқылады. Өзара тәжірибе алмасып, тәрбие жұмысының тиімділігін арттыруға байланысты ұсыныстар ортаға салынды.

Семинар барысында:

- «Адал азамат» бағдарламасының мазмұны түсіндірілді;
- Тәрбие сағаттарын ұйымдастырудың тиімді формалары қарастырылды;
- Қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру мәселелері талқыланды;
- Ата-аналармен өзара байланыс орнатудың жолдары ұсынылды;
- Сынып жетекшілерінің кәсіби шеберлігін арттыру бағытындағы тәжірибелер бөлісілді.

Қорытындысында қатысушылар семинар-тренингтің өзекті әрі пайдалы болғанын атап өтті. Алдағы уақытта бағдарламаның құндылықтарын тәрбие жұмысына жүйелі енгізу және тәжірибе алмасу жұмыстарын жалғастыру жөнінде ұсыныстар қабылданды.

Қорытынды:

Өткізілген семинар-тренинг сынып жетекшілерінің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, тәрбие жұмысының сапасын жақсартуға және «Адал азамат» бағдарламасының негізгі бағыттарын тиімді жүзеге асыруға оң ықпал етті.

Бірлестік жетекшісі: _____ Д.И. Кобабаева

ДТЖО: _____ А. Кожаметова

Күні: « 08 » қазан 2025 жыл

ХАТТАМА №2

Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы

Өткізілген күні: «12» қараша 2025 жыл

Өткізілген орны: №6 кабинет

Қатысқандар: 11

Қатыспағандар: 0

Тақырыбы: «Оқушыларды жақсы тәлім-тәрбие мен инабаттылыққа тәрбиелеу»

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектептегі психологиялық қызметтің жұмысы.
2. Сыныптардағы қыз балалармен және ұл балалармен жұмысты жандандыру.
3. 1–5 сыныптарының жағдайын, сынып жетекшілерінің сыныппен жұмысын бақылау нәтижелері.
4. Мектептің отбасымен өзара әрекеттесуі.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша мектеп психологы сөз сөйлеп, психологиялық қызметтің атқарған жұмыстары туралы баяндама жасады. Оқушылардың психологиялық ахуалын анықтау, бейімделу кезеңіндегі жұмыстар, жеке және топтық кеңестердің нәтижелері туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар, оқушылардың эмоционалдық жағдайын бақылау және психологиялық қолдау көрсету бағытында жүргізілген жұмыстар таныстырылды.

Екінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі сыныптардағы қыз балалар мен ұл балалар тәрбиесіне қатысты атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Қыз балалардың тәрбиесі, жеке бас мәдениеті, қауіпсіздігі және ұл балалардың жауапкершілігін қалыптастыру, тәртіп сақтау мәселелері қарастырылды. Алдағы уақытта өткізілетін іс-шаралар жоспары ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша 1–5 сыныптарының тәрбие жұмыстарының жай-күйі туралы мәлімет берілді. Сынып жетекшілерінің құжаттарының жүргізілуі, сынып ұжымымен жұмысы, оқушылардың сабаққа қатысуы мен тәртібі бойынша жүргізілген бақылау нәтижелері таныстырылды. Кейбір сыныптарға әдістемелік көмек көрсету қажеттілігі айтылды.

Төртінші мәселе бойынша мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайту мәселелері талқыланды. Ата-аналар жиналыстарының өткізілуі, ата-аналармен жеке жұмыстардың ұйымдастырылуы және олардың мектеп өміріне қатысу белсенділігі туралы ақпарат берілді.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

1. М.Ж.Аскарова
2. А.Қайрат
3. Ж.Шашу

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Мектептің психологиялық қызметі оқушылармен профилактикалық жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырсын.
2. Қыз балалар мен ұл балалар тәрбиесіне бағытталған іс-шаралар жоспары күшейтілсін.
3. 1–5 сынып жетекшілеріне тәрбие жұмысының сапасын арттыру бойынша әдістемелік көмек көрсетілсін.

4. Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту мақсатында бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылсын.
5. Тәрбие жұмыстарының орындалуы тұрақты бақылауға алынсын.

Хатшы:  Н.Тороохан

Күні: «12» қараша 2025 жыл

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Сынып жетекші мен ата-аналар арасындағы өзара қарым-қатынас орнатудың тиімді әдістері» семинар-практикумы

Өткізілген күні: «18» желтоқсан 2025 жыл

Өткізілген орны: №6 кабинет

Қатысушылар: Сынып жетекшілері

Мақсаты: Сынып жетекшілері мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту, тиімді қарым-қатынас орнатудың заманауи әдістерімен таныстыру және тәжірибе алмасу.

Сынып жетекшілер бірлестігінің жылдық жоспарына сәйкес желтоқсан айында «Сынып жетекші мен ата-аналар арасындағы өзара қарым-қатынас орнатудың тиімді әдістері» тақырыбында семинар-практикум өткізілді.

Семинар барысында сынып жетекшілерінің ата-аналармен жұмыс жүргізудегі рөлі, отбасы мен мектеп арасындағы серіктестік қарым-қатынастың маңыздылығы туралы мәселелер қарастырылды. Қатысушылар ата-аналар жиналысын тиімді ұйымдастыру, ата-аналардың мектеп өміріне белсенді қатысуын қамтамасыз ету және бала тәрбиесіндегі бірлескен жауапкершілік туралы пікір алмасты.

Практикалық бөлімде қатысушылар түрлі жағдаяттық тапсырмалар орындап, ата-аналармен жұмыс барысында кездесетін мәселелерді шешу жолдарын талқылады. Сонымен қатар тиімді кері байланыс орнату, сенімді қарым-қатынас қалыптастыру және конфликтілік жағдайлардың алдын алу тәсілдері қарастырылды.

Семинар барысында төмендегі мәселелер қамтылды:

- Ата-аналармен ынтымақтастық орнатудың тиімді жолдары;
- Отбасы мен мектептің бірлескен тәрбиелік жұмысы;
- Ата-аналар жиналыстарының жаңа форматтары;
- Цифрлық платформалар арқылы байланыс жасау мүмкіндіктері;
- Қиын жағдайдағы ата-аналармен жұмыс жүргізу әдістері.

Қорытынды бөлімде сынып жетекшілері өз тәжірибелерімен бөлісіп, ата-аналармен жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныстар айтты. Семинар-практикум өз мақсатына жетіп, қатысушылардың кәсіби тәжірибесін толықтыруға мүмкіндік берді.

Қорытынды:

Семинар-практикум барысында сынып жетекшілерінің ата-аналармен өзара қарым-қатынас орнату дағдылары жетілдіріліп, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған тиімді әдістер ұсынылды.

Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі:  Д.И. Копабеева

Күні: «18» желтоқсан 2025 жыл

ХАТТАМА №3

Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы

Өткізілген күні: «15» қаңтар 2026 жыл

Өткізілген орны: №6 кабинет

Қатысқандар: 11

Қатыспағандар: 0

Тақырыбы: «Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алу»

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Сынып жетекшілердің I жартыжылдық бойынша қорытынды есебін тыңдау.
2. Шығармашылықпен жұмыс жасайтын сынып жетекшілердің іс-тәжірибесімен бөлісуі.
3. Кәмелетке толмағандардың суицидтік мінез-құлқының алдын алудағы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмысы.
4. Девиантты мінез-құлықты оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу – әлеуметтік-педагогикалық проблема.

ТЫНДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша сынып жетекшілері I жартыжылдықта атқарылған тәрбие жұмыстары бойынша есеп берді. Есеп барысында сыныптардағы тәрбие жұмысының нәтижелері, оқушылардың қоғамдық жұмыстарға қатысуы, ата-аналармен жүргізілген жұмыстар және тәрбиелік іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынылды. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары атқарылған жұмыстарға талдау жасап, алдағы кезеңге ұсыныстар берді.

Екінші мәселе бойынша шығармашылықпен жұмыс жүргізетін сынып жетекшілері өздерінің озық тәжірибелерімен бөлісті. Олар тәрбие сағаттарын ұйымдастырудағы тиімді әдіс-тәсілдерді, оқушылардың қызығушылығын арттыру жолдарын және ата-аналармен жұмыс тәжірибесін таныстырды. Қатысушылар арасында тәжірибе алмасу ұйымдастырылды.

Үшінші мәселе бойынша мектеп психологы баяндама жасап, кәмелетке толмағандар арасында суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат берді. Оқушылардың психологиялық жағдайын бақылау, тәуекел тобындағы балаларды анықтау және олармен жүргізілетін профилактикалық жұмыстар жөнінде түсіндірме берілді.

Төртінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог девиантты мінез-құлықтың пайда болу себептері мен оның алдын алу жолдары туралы баяндама жасады.

Оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу, құқықтық сауаттылықтарын арттыру және әлеуметтік қолдау көрсету мәселелері қарастырылды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:


1. А.М.Жалеловна
2. А.Р.Кыздарбекова
3. Р.А.Тұлеубаева

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Сынып жетекшілердің I жартыжылдықтағы тәрбие жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Озық тәжірибелі сынып жетекшілерінің жұмыс тәжірибесі мектеп көлемінде таратылсын.

3. Суицидтің алдын алу бойынша психологиялық-педагогикалық жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.
4. Тәуекел тобындағы оқушылармен жеке жұмыстар күшейтілсін.
5. Девиантты мінез-құлықтың алдын алу бойынша әлеуметтік педагог, психолог және сынып жетекшілерінің бірлескен жұмысы жалғастырылсын.
6. Оқушылардың құқықтық және адамгершілік тәрбиесін жетілдіруге бағытталған іс-шаралар жоспары жасалсын.

Бірлестік жетекшісі: _____  Д.И. Копабасва

ДТІЖО: _____  А Кожухметова

Күні: «15» қаңтар 2026 жыл

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Сынып жетекшілерінің кәсіби құзыреттілігін арттырудағы коучингтің маңызы»

Өткізілген күні: «18» ақпан 2026 жыл

Өткізілген орны: №6 кабинет

Қатысушылар: Сынып жетекшілері

Мақсаты: Сынып жетекшілерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру, тәрбие жұмысындағы заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануға бағыт беру және тәжірибе алмасу.

Мектептің тәрбие жұмысы жоспарына сәйкес ақпан айында сынып жетекшілеріне арналған коучинг өткізілді. Коучинг барысында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың тиімді жолдары, оқушылармен және ата-аналармен қарым-қатынас орнатудың заманауи әдістері, сынып ұжымын қалыптастырудағы сынып жетекшісінің рөлі қарастырылды.

Коучингтің теориялық бөлімінде қатысушыларға тәрбие жұмысындағы жаңа тәсілдер таныстырылып, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс жүргізудің тиімділігі түсіндірілді. Сонымен қатар, сынып жетекшілерінің кәсіби шеберлігін жетілдіру, көшбасшылық қасиеттерін дамыту және тәрбие жұмысын жоспарлау мәселелері талқыланды.

Практикалық бөлімде сынып жетекшілері топтық жұмыстарға қатысып, жағдаяттық тапсырмалар орындады. Өз тәжірибелерімен бөлісіп, тәрбие жұмысында кездесетін мәселелерді шешудің жолдарын ұсынды. Қатысушылар арасында пікір алмасу ұйымдастырылып, тиімді әдіс-тәсілдер сараланды.

Коучинг барысында төмендегі мәселелер қамтылды:

- Тәрбие жұмысын тиімді жоспарлау;
- Оқушылардың тұлғалық дамуын қолдау;
- Сынып ұжымын қалыптастыру жолдары;
- Ата-аналармен серіктестік қарым-қатынас орнату;
- Заманауи тәрбие технологияларын қолдану;
- Сынып жетекшісінің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Қорытынды бөлімде қатысушылар коучингтің өзекті әрі тәжірибелік маңызы жоғары болғанын атап өтті. Алдағы уақытта алынған тәжірибені тәрбие жұмысына енгізу жөнінде ұсыныстар қабылданды.

Қорытынды:

Өткізілген коучинг сынып жетекшілерінің кәсіби дамуына ықпал етіп, тәрбие жұмысын ұйымдастырудың тиімді әдістерін меңгеруге мүмкіндік берді.

Қатысушылар жаңа тәжірибелермен танысып, өзара тәжірибе алмасу арқылы кәсіби шеберліктерін жетілдірді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  А.Кожяхметова

Күні: «18 » ақпан 2026 жыл

ХАТТАМА №4

Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы

Өткізілген күні: «16» наурыз 2026 жыл

Өткізілген орны:

Қатысқандар: 11

Қатыспағандар: 0

Тақырыбы: «Бала тұлғасының дамуы және оның тәрбиесі»

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Бағдарлама аясында өткізіліп жатқан жобалар жұмысының нәтижесі.
2. «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысы және «Smart Time» жобасының жұмыс нәтижесі.
3. Сынып жетекшілерінің озық тәжірибелерін анықтау және насихаттау мақсатында өткізілетін «Жыл сынып жетекшісі – 2026» байқауының ережесімен таныстыру.
4. Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру және әлеуметтік педагог пен психологтың бірлескен жұмысы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша жоба жетекшілері сөз алып, «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан жобалардың орындалу барысы мен нәтижелері туралы есеп берді. Жобаларға оқушылардың қатысу деңгейі, өткізілген іс-шаралар және қол жеткізілген нәтижелер туралы мәліметтер ұсынылды. Жобалардың тәрбиелік маңызына тоқталып, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар нақтыланды.

Екінші мәселе бойынша «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жетекшісі ұйым жұмысының есебін таныстырды. Ұйым мүшелерінің қоғамдық жұмыстарға қатысу белсенділігі, өткізілген патриоттық, мәдени-көпшілік және қайырымдылық іс-шаралары туралы ақпарат берілді.

Сонымен қатар педагог-психологтар «Smart Time» жобасының нәтижелерімен таныстырып, оқушылардың уақытты тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру бағытында жүргізілген жұмыстарға талдау жасады. Жоба аясында өткізілген тренингтер мен кездесулердің тиімділігі атап өтілді.

Үшінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі «Жыл сынып жетекшісі – 2026» байқауының ережесімен таныстырды. Байқаудың мақсаты, міндеттері, өткізу кезеңдері және бағалау критерийлері түсіндірілді. Сынып жетекшілерінің кәсіби шеберлігін арттыру және озық тәжірибелерін насихаттау қажеттілігі айтылды.

Төртінші мәселе бойынша мектеп психологы мен әлеуметтік педагог білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын таныстырды. Оқушылардың әлеуметтік жағдайын бақылау, психологиялық қолдау көрсету, тәуекел тобындағы балалармен жұмыс жүргізу және ата-аналармен өзара байланыс мәселелері талқыланды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

1. А.М.Жалеловна
2. К.Г.Рахимова
3. Е.Ристан

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Бағдарлама аясындағы жобалардың орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын және жұмыстар жалғастырылсын.

2. «Жас Ұлан» ұйымының жұмысын жандандыру бойынша қосымша іс-шаралар ұйымдастырылсын.
3. «Smart Time» жобасының тәжірибесі сыныптарда кеңінен қолданылсын.
4. «Жыл сынып жетекшісі – 2026» байқауының ережесі бекітіліп, байқау белгіленген мерзімде өткізілсін.
5. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысы жүйелі түрде жалғастырылсын.
6. Әлеуметтік педагог пен психологтың бірлескен жұмысы күшейтілсін.
7. Тәуекел тобындағы оқушылармен жеке жұмыстар тұрақты бақылауға алынсын.

Бірлестік жетекшісі: _____ *Д.И. Копбаева* Д.И. Копбаева

ДТІЖО: _____ *А. Кожаметова* А Кожаметова

Күні: «16» наурыз 2026 жыл

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Тәрбие үрдісін жүйелі талдау – оны оңтайландырудың шарты ретінде»

Тақырыпша: Сынып жетекшісінің тайм-менеджментін тиімді ұйымдастыру жолдары

Өткізілген күні: «21 » сәуір 2026 жыл

Өткізілген орны: №6 кабинет

Жауапты: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Қатысушылар: Сынып жетекшілері

Мақсаты: Сынып жетекшілерінің уақытты тиімді басқару дағдыларын жетілдіру, тәрбие жұмысын жоспарлау мен ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін меңгерту және кәсіби құзыреттіліктерін арттыру.

Сәуір айындағы сынып жетекшілер бірлестігінің жұмыс жоспарына сәйкес «Тәрбие үрдісін жүйелі талдау – оны оңтайландырудың шарты ретінде» тақырыбында әдістемелік отырыс өткізілді.

Іс-шара барысында сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысын тиімді жоспарлау, уақытты ұтымды пайдалану, құжаттарды жүргізу, іс-шараларды ұйымдастыру және оқушылармен жеке жұмыстарды үйлестіру мәселелері қарастырылды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары уақытты басқарудың заманауи әдістеріне тоқталып, сынып жетекшісінің күнделікті жұмысын жүйелі ұйымдастырудың маңыздылығын түсіндірді. Қатысушыларға жұмыс уақытын жоспарлау, басымдықтарды анықтау және кәсіби жүктемені тиімді бөлу жөнінде әдістемелік ұсыныстар берілді.

Талқылау барысында төмендегі мәселелер қарастырылды:

- Тәрбие жұмысының жылдық және тоқсандық жоспарын тиімді құру;
- Сынып жетекшісінің күнделікті жұмысын ұйымдастыру;
- Уақытты жоспарлаудағы негізгі қағидалар;
- Құжаттарды уақытылы рәсімдеу;
- Оқушылармен, ата-аналармен және педагогтермен өзара байланысты тиімді үйлестіру;
- Тәрбие жұмысының сапасын арттыру жолдары.

Практикалық бөлімде сынып жетекшілері өздерінің жұмыс тәжірибелерімен бөлісіп, уақытты басқарудың тиімді тәсілдері бойынша пікір алмасты. Сонымен қатар тәрбие жұмысындағы қиындықтарды шешудің тиімді жолдары талқыланды. Қорытынды:

Іс-шара барысында сынып жетекшілерінің уақытты тиімді жоспарлау және тәрбие жұмысын жүйелі ұйымдастыру дағдыларын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар берілді. Тәжірибе алмасу нәтижесінде қатысушылар өз қызметтерінде тайм-менеджмент элементтерін қолданудың маңыздылығын түсінді.

Ұсыныс:

1. Тәрбие жұмысын жоспарлау барысында тайм-менеджмент қағидаларын басшылыққа алу.
2. Құжаттарды уақытылы жүргізу мен бақылауды күшейту.
3. Сынып жетекшілерінің өзара тәжірибе алмасуын жалғастыру.
4. Тәрбие жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған заманауи әдістерді қолдану.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  А.Кожаметова

ХАТТАМА №5

Сынып жетекшілер бірлестігінің қорытынды отырысы

Өткізілген күні: «20» мамыр 2026 жыл

Өткізілген орны: №6 кабинет

Қатысқандар: 11

Қатыспағандар: 0

Тақырыбы: «Оқушылардың жазғы еңбек қызметі мен жазғы демалысын ұйымдастыру»

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Оқушыларды ҰБТ-ға дайындаудағы психологиялық көмектің тиімділігі.
2. Соңғы қоңырау мен мектеп бітіру кештерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.
3. Тәрбие қызметінің жылдық қорытындысын талдау, сынып жетекшілер жұмысындағы проблемалар мен жетістіктер.
4. Жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын талқылау.
5. «Жыл сынып жетекшісі – 2026» рейтингісінің нәтижесін шығару және марапаттау.
6. Жазғы демалысты ұйымдастыру, «Бала еңбегін қанау» фактілерінің алдын алу бойынша рейдтік іс-шаралар.
7. Оқушылардың жазғы еңбек практикасын және сауықтыру демалысын ұйымдастыру.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша мектеп психологы сөз сөйлеп, бітіруші сынып оқушыларына Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық барысында көрсетілген психологиялық көмектің нәтижелері туралы баяндады. Оқушылармен жүргізілген жеке және топтық жұмыстардың тиімділігіне тоқталып, емтихан алдындағы күйзелістің алдын алу шаралары туралы ақпарат берді.

Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары соңғы қоңырау салтанаты мен мектеп бітіру кештерін ұйымдастыруға қатысты әдістемелік ұсынымдармен таныстырды. Іс-шараларды өткізу кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау және тәрбие бағытын күшейту мәселелері қарастырылды.

Үшінші мәселе бойынша сынып жетекшілері оқу жылы бойы атқарылған тәрбие жұмыстарының қорытынды есебін ұсынды. Оқушылардың тәрбиелік деңгейін арттыру, ата-аналармен жұмыс, қоғамдық іс-шараларға қатысу және кездескен қиындықтар талданды. Тәрбие жұмысының нәтижелері қорытындыланып, келесі оқу жылына ұсыныстар берілді.

Төртінші мәселе бойынша жаңа 2026–2027 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының негізгі бағыттары талқыланды. Сынып жетекшілері тарапынан ұсыныстар айтылып, жоспардың басым бағыттары белгіленді.

Бесінші мәселе бойынша «Жыл сынып жетекшісі – 2026» байқауының қорытындысы жарияланып, үздік нәтиже көрсеткен сынып жетекшілері марапатталды. Байқаудың тәрбиелік маңызы мен кәсіби шеберлікті арттырудағы рөлі атап өтілді.

Алтыншы мәселе бойынша жазғы демалыс кезеңінде оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, бос уақытын тиімді ұйымдастыру және бала еңбегін заңсыз

пайдаланудың алдын алу мақсатында рейдтік іс-шаралар өткізу мәселелері қаралды.

Жетінші мәселе бойынша оқушылардың жазғы еңбек практикасын ұйымдастыру, сауықтыру лагерьлеріне жолдау, жазғы демалыс уақытында қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілетіні айтылды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

1. М.Ж.Аскарова
2. А.Ж. Кульжаханова
3. А.Р.Кыздарбекова

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. ҰБТ-ға дайындық барысында психологиялық қолдау жұмыстарының нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Соңғы қоңырау мен мектеп бітіру кештері бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылсын.
3. Сынып жетекшілерінің жылдық тәрбие жұмыстарының қорытындылары назарға алынсын.
4. 2026–2027 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарын әзірлеу жалғастырылсын.
5. «Жыл сынып жетекшісі – 2026» байқауының жеңімпаздары марапатталсын.
6. Жазғы демалыс кезеңінде оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар күшейтілсін.
7. «Бала еңбегін қанау» фактілерінің алдын алу мақсатында рейдтік іс-шаралар ұйымдастырылсын.
8. Оқушылардың жазғы еңбек практикасы мен сауықтыру демалысы жоспарға сәйкес ұйымдастырылсын.

Бірлестік жетекшісі: _____ Д.И. Кобабаева

ДТІЖО: _____ А. Кожаметова

Күні: «20» мамыр 2026 жыл